

## "Көксу ауданының сәulet және қалакұрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

### Күшін жойған

Алматы облысы Көксу ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 429 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2015 жылы 04 ақпанда № 3020 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Көксу ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 30 маусымдағы № 223 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Көксу ауданы әкімдігінің  
30.06.2016 № 223 қаулысымен.  
РҚАО ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы  
сақталған.**

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 8) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес, Көксу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Көксу ауданының сәulet және қалакұрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі (бұдан әрі - Ереже) осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Мәлік Аманбайұлы Бейсеновке жүктелсін.
3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*F. Tokpileisov*

Көксу ауданы әкімдігінің 2014 жылғы "26" желтоқсандағы № 429 "Көксу ауданының сәulet және қалакұрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" қаулысымен бекітілген қосымша

## **"Көксу ауданының сәulet және қалакұрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже 1. Жалпы ережелер**

1. "Көксу ауданының сәulet және қалакұрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Бөлім) аудан аумағында сәulet және қала құрылышы саласында

басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары болып табылады.

2. Бөлімнің ведомстволары жоқ.

3. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Бөлім мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген ұлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Бөлімге егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Бөлім басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды

8. Бөлімнің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 041200, Қазақстан Республикасы, Көксу ауданы, Балпық ауылы, Мырзабеков көшесі, № 38.

10. Мемлекеттік органдың толық атауы - "Көксу ауданының сәулет және қалақұрылыш бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Бөлімнің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Бөлімге кәсіпкерлік субъектілерімен Бөлім функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Бөлімге заңнамалық актілермен кірістер экелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер респубикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Бөлімнің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

14. Бөлімнің миссиясы: аудан аумағында сәulet және қала құрылышы қызметін жүзеге асыру.

15. Міндеттері:

1) адамның мекендейтін және тіршілік ететін толымды ортасын қалыптастыруға, ауданың елді мекендерін тұрақты дамыту;

2) аудан аумағында сәulet және қала құрылышы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

3) қала құрылышын жоспарлау қызметінде аумақтар мен елді мекендерді дамытуды жүзеге асыру;

16. Функциялары:

1) заңнамамен белгіленген тәртіппен бекітілген аудан аумағының қала құрылышын жоспарлаудың кешенді схемасын (аудандық жоспарлау жобасын), ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру;

2) елді мекендердің бекітілген бас жоспарларын (аумақтық даму схемаларын) дамыту үшін әзірленетін қала құрылышы жобаларын іске асыру;

3) нобай және жұмыс жобаларын объектілер (кешендер) құрылыш объектілерін қайта жаңарту (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) үшін келісу;

4) аудан аумағының қала құрылышын дамыту схемаларын, сондай-ақ ауылдық елді мекендердің бас жоспарларының жобаларын әзірлеуді ұйымдастыру;

5) аумақтың инженерлік дайындығы, абаттандыру мен көгалдандыру, аяқталмаған құрылыш объектілерін консервациялау, аудандық маңызы бар объектілерді кейіннен кәдеге жарату жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізу туралы шешімдерді іске асыру;

6) мемлекеттік қала құрылышы кадастрының дерекқорлар базасына енгізу үшін белгіленген тәртіппен ақпараттар ұсыну;

7) салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүргізу;

8) аумақта жоспарланып отырған құрылыш салу не өзге де қала құрылышының өзгерістері туралы халыққа хабарлап отыру;

9) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) Бөлімге жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін белгіленген тәртіппен және мерзімде құжаттарды, қорытындыларды, материалдарды, мәліметтерді және ақпараттарды, оларды меншік нысанына қарамастан кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың лауазымды адамдарынан, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктер мен жеке тұлғалардан алуға;

2) белгіленген тәртіпте жергілікті атқаруши органдармен меншік нысанына қарамастан ұйымдармен, мекемелермен және объектілермен өзара іс-қимыл жасауга;

3) өз бетінше құрылыш жүргізген, сәulet, қала құрылыш тәртібін, "Қазақстан Республикасындағы сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасының заңын бұзған кінәлі тұлғаларды белгіленген тәртіппен әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тарту немесе айыппұл санкцияларын салу туралы тиісті мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізу;

4) мақсаттарды жүзеге асыру үшін қаражаттарды пайдалануға;

5) аудан аумағының тұрғын-үй қорының техникалық жағдайын және абаттандыру, сәulettіk безендіру жұмыстарын қадағалауды жүзеге асыру;

6) белгіленген тәртіппен жеке және занды тұлғалардың өтініштерін қарau;

7) өз құзыреті шегінде соттарда және мемлекеттік биліктің өзге де органдарда Бөлімнің мұддесін қорғауға;

8) аудан аумағында сәulet, қала құрылышы қызметінің нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігін қадағалау.

### **3. Бөлімнің қызметін ұйымдастыру**

18. Бөлімге басшылықты Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. Бөлімнің бірінші басшысын аудан әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

20. Бөлімнің бірінші басшысының орынбасарлары жоқ.

21. Бөлімнің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) Бөлімнің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

2) Бөлімнің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) барлық органдарда Бөлімнің мұддесін қорғайды;

4) өз қызметкерлерінің өкілеттіктерін белгілейді;

5) келісім-шарттар жасайды, сенімхаттар береді;

6) банктерде есепшоттар ашадыжәне келісімдер жасайды;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті болып табылатын бұйрықтар шығарады және тапсырмалар береді;

8) қызметкерге марапаттау шараларын қолданады және тәртіптік жаза шараларын салады;

9) Бөлімнің құрылымдық бөлімшелерінің іс-шаралар жоспарын бекітеді;

10) Бөлімде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған шаралар қабылдайды және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдауға дербес жауапкершілікте болады;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оған жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Бөлімнің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындарды.

22. Бөлімді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын Бөлім басшысы басқарады.

#### **4. Бөлімнің мүлкі**

23. Бөлімнің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. Бөлімге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Бөлім, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату**

26. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.